

ӘОЖ 297 (419)+316

Мұхан Исахан  
«Нұр» Қазақ-Египет  
Ислам университетінің дінтану докторанты  
E-mail: akmaral78@mail.ru

### Исламға дейінгі Араб түбегіндегі халықтардың саяси, әлеуметтік құрылысы мен діни-рухани жағдайы

Ислам дініне дейін Араб түбегі халықтарының діни танымы және саяси құрылымы мен құқықтық жүйесінде біртұтастық болмады. Діни танымның әр алуандағы мен әкімшілік жүйенің тайпалық құрылымға негізделуі және Византия, Эфиопия, Сасаниттер сынды сыртқы күштердің ықпалына байланысты Араб түбегінде бірнеше тәуелсіз құрылымдар болды. Тарихшы Мұхаммед Рызаның пікірінше, Иемендегі Хумейрлер, Сириядағы Гассаниттер, Ирактағы Хире, Хадрамуттағы Киндилер секілді тәуелсіз құрылымдар, сондай-ақ Мекке, Мәдина, Тайф, Хайбар қатарлы өзін-өзі басқаратын қалалар және өзге де бір-біріне бағынышсыз араб тайпаларының қатар өмір сүруі, Араб түбегінде бытыраңқы геосаяси ахуалдың қалыптасуына әсер етті.

Mukhan Isakhan

#### Political, social build also religozny-spiritual conditions To Islam at the people of Arabian Peninsula

To Islam the people of Arabian Peninsula had no religious outlook, political structure and unity in legal system. Variety of religious outlook and focus of a management system on rodoplemenny structure and influence of external forces as Byzantium, Syria and Sasanida influenced emergence of several independent educations in Arabian Peninsula. Coexistence of independent educations as Humerei in Yemen, Gassanita in Syria, Hira in Iraq, Kindi in Hadramuta and as, the independent cities as to Mecca, Medina, Tayf and other Arab tribes not subordinating each other, affected a sformirovaniye in Arabian Peninsula the shattered geopolitical situation. However, to Islam, in Mecca the organizations on protection of freedoms of people as Hilful-Fudul are formed.

Мухан Исахан

#### Политический, социальный строй и религиозно-духовное состояние до ислама у народов Аравийского полуострова

До ислама у народов Аравийского полуострова не было религиозного мировоззрения, политической структуры и единства в правовой системе. Разнообразие религиозного мировоззрения и ориентированность административной системы на родоплеменную структуру и влияние внешних сил, как Византия, Сирия и Сасаниды, воздействовало на возникновение нескольких независимых образований в Аравийском полуострове. Сосуществование независимых образований, как Хумереи в Иемене, Гассаниты в Сирии, Хире в Ираке, Кинди в Хадрамуте, а так же независимых городов, как Мекке, Медина, Тайф и других, неподчиняющихся друг другу арабских племен, повлияло на формирование в Аравийском полуострове раздробленного геополитического положения. Однако до ислама в Мекке были образованы организации по защите свобод людей, как Хилфул-Фудул.

Иемен – өзге аймақтарға қарағанда табиғаты неғұрлым жақсы өлке болатын. Мұндағы халықтың басым көпшілігі отырықшы еді. Иеменде халықтың тығыз тұрғандығы соншалықты, шығыстанушы О.Г. Большаковтің жеткізуіне қарағанда Иемен қалаларында 15-20 мыңға дейін халық тұрып, мұндағы араб-

тар қолөнер, мақта мата, тері өңдеу, метал өндірумен айналысқан [1, 18-6]. Таудан ағатын судың алдын буып, атакты Мағрип су тоспасын егіншілікке пайдаланған [2, 4-5-бб]. В. Ирвингтің пікірінше Иемен бірнеше діндердің тоғысқан жері еді. Иемендегі халықтың басым көпшілігі пұтқа табынушы арабтар еді.

Тек, Нежран аймағында христиан дінінің несториан бағытын ұстанушылар болды. Араб түбегінің оңтүстігіндегі Иемен аймағында VI-ғасырдың басында Хумейр мемлекеті өмір сүрді. Бұл мемлекеттің соңғы билеушілерінің бірі Зунубас кезінде Хумейрліктер Иуда дінін қабылдады. Зунубас 523 жылы Нежранда Христиан арабтарды қырып салды. Византия императоры Юстиниан өзінің христиан одақтасы Эфиопия патшасы Нежасиге хат жазып Иемендегі христиандардың мүддесіне қол ұшын беруді өтініп, нәтижесінде Нежаси Иеменге өз әскерін аттандырып, Эриад бастаған христиан әскері Иеменді басып алды [3, 15-28-бб].

Эфиопиялықтар мен пұтқа табынушы арабтар арасында діни қарама-қайшылыққа байланысты, келіспеушіліктер орын алып отырды. Әбу Хасан Али ән-Недви өз шығармасында христиан дініндегі эфиопиялықтармен меккелік Құрайыштықтардың қақтығысы мынандай діни дүрдараздықтан туындағандығын көрсетеді: 570 жылы Эфиопияның Иемендегі әміршісі Әбрахат араб түбегінде Христиан дінін ұлық дін ету мақсатында Сана қаласына Кулейс атты үлкен Христиан шіркеуін тұрғызды. Пұтқа табынушы арабтар негізінен Меккедегі қасиетті Қағбаға тәуап ететін. Кулейс шіркеуінің тұрғызылуына шамданған меккелік бір араб Санаға келіп тұрғызылып жатқан Кулейстің ішіне дәрет сындырып кетеді. Пұтқа табынушылардың кемсіту мағынасындағы бұл әрекетіне қатты ашуланған Әбрахат билеуші кек алу мақсатында Араб түбегінде Кулейске бәсекелес болып тұрған Қағбаны жою үшін Меккеге әскер шығарады. Араб түбегінде Христиан дінін үстем ету мақсатында жасалған бұл жорық сәтсіз аяқталып, Әбрахат қолы Мекке түбінде жеңіліске ұшырайды. Тарихта Әбрахаттың бұл жеңілісі «Піл оқиғасы» деген атпен белгілі [4, 30-34-бб].

И.Е.М. Есад Сейдшахри: «Піл оқиғасының» артында Иемендегі эфиопиялықтардың езгісіне қарсы Хумейр билеушілерінің Сейф атты ұрпағы Сасанид патшасынан көмек алып, Иемендегі Эфиопиялықтардың билігін құлатқандығын айтады. Иемен аймағы Мұхамед с.ғ.а Ислам мемлекетін құрған кезде Сасани патшалығының қарамағында еді [5, 110-113-бб].

Иемендегі ирандық билеушілерді жергілікті халық «Евна» деп атаған. Профессор

М. Хамидуллахтың жеткізуіне қарағанда Сасанидтердің Иеменді қатал түрде отарлағаны соншалықты, 630 жылы Иемен арабтары Иранның басқыншылығынан құтылу үшін өз еріктерімен исламды қабылдаған. Дегенмен, Сасанидтердің билігі кезінде Иеменде діни қақтығыстар орын алған жоқ. Бірақ, Иеменде бұрын христиан, иуда, пұтқа табынушылар өмір сүрсе, Сасанидтердің билігі кезінде зороастризмді ұстанушылар да пайда болды [6.412-415 беттер].

Иеменнің саяси құрылысы жөнінде зерттеушілер толымды мәлімет көрсетпейді. Профессор Хусейннің Алғұлдің пікірінше, арабтар далалық, қалалық болып бөлінгенмен, сондай-ақ, түрлі сенімдерді ұстанғанмен, Араб түбегіндегі халықтар тайпа көсемі (шейх, рейс) басқаратын әкімшілік жүйеге бағынған [7, 93-95-бб].

Араб түбегінің солтүстігіндегі Сирия аймағы да діндердің талас-тартыс аймағы болатын. Сол кездегі әлемнің алып екі империясы Византия мен Ирандық Сасанидтер Сирия үшін бірнеше рет бір-біріне қарсы келді. Г.Э. Грюнебаумнің жеткізуіне қарағанда V-ғасырдың басында Сирияда Қаһтан арабтары Гассанидтер билігін құрған. Гассанидтер V-ғасырдың соңында Христиан дінін қабылдап, Византия империясына қарамағына өтті [2, 3-б].

Мұхаммед Хамидуллахтың айтуына қарағанда гассанидтердің түбі иемендік арабтар еді. Олар V ғасырда Сирияға көшіп келіп, осындағы Византияның вассалы Дужумлардың билігін мойындаған. Алғашқыда, әрбір араб жылына бір жарым, екі динардан дужумларға салық төлеп, кейін христиан дінін қабылдағаннан соң, Дужумлардан Сирияның билігін тартып алды. Византия императоры Сириядағы вассалдық биліктің Гассанидтердің қолына өткеніне ризашылығын беріп, Гассанидтердің басшысы Салебеге былай деп хат жазды: «Сізді Дужумлардың жеріне орналастырамын. Сіздерге өзге араб тайпалары шабуылдаған жағдайда 40.000 әскермен көмек беремін. Егер, бізге араб тайпалары шабуылдаған жағдайда, сіздер бізді қорғау үшін 20.000 әскер шығарасыздар. Ал, біздің Иранмен болатын қарым-қатынасымызда бейтарап боласыздар». Византия императорының бұл ұсынысын Гассанидтер басшысы Салебе қабыл алды [6, 327 б].

Бұл келісімнен Гассаниттердің Византияның билігін мойындағанын көре аламыз. Алайда, профессор М. Хамидуллахтың айтуына қарағанда, Гассаниттер Византияға бағынғанмен, қоғамдық қатынастарды реттеуде Рим құқығын пайдаланбаған. Христиан дінін қабылдаған Гассаниттер ұлттық болмысын сақтай алмай, бірте-бірте өз тілдерін ұмытып, жергілікті арамей тілін қабылдаған. Ирандағы Сасанидтердің Хусреф Первиз атты патшасы 613-14 жылдары Шам мен Иерусалимді басып алып, Сирияны өз қоластына қаратқанмен, Византия императоры Хераклус 627 жылы Сирияны қайта өз колониясына айналдырды. Ислам халифі хз. Омар жаулап алғанға дейін Сирия христиан дініндегі Византия империясына бағынды [6, 327-330-бб].

Гассаниттер күшейген кезде Араб түбегіндегі халықтарға қатты қауіп туғанмен, Сирия арабтарының саяси құрылысы мен әлеуметтік хал-ахуалы жөнінде терең мағұлматтар кездеспейді. М. Хамидуллахтың «Гассаниттер Византияға бағынғанмен, Рим құқығын пайдаланбады» [6, 328 б] деген дерегіне қарап, оларда да дәстүрлі тайпалық құрылымы болды деп ойлаймыз.

Араб түбегінің солтүстігіндегі Евфраттың батыс жағы бүгінгі Ирак өңірінде III-ғасырдың басында Лахм араб тайпасы Хире тәуелсіз саяси билігін құрды [7, 73 б]. Хире тәуелсіз билігі күшейген кезінде шығыстағы Бахрейн аймағына дейін өз үстемдігін жүргізді. V ғасырдың басында Ирандық Сасаниттер Бахрейнді жаулап алғанға дейін, Хиреліктер Бахрейн аймағын өз өкілдері арқылы билеп төстеді [6, 374 б]. Ирандық Сасанидтер VII-ғасырдың басында Сирияны жаулап алардан бұрын Хирені өзіне бағындырды. Хусейн Алгулдың баяндауынша Хиреліктердің негізгі дені пұтқа табынғанмен Сасанидтер жаулап алғанға дейінгі билеушілері христиан дінінде болған [7, 73-74-бб]. Мехмет Али Капардың жеткізуіне қарағанда, Византия мен Сасаниттердың ұзақ жылғы қақтығысында Ирак буферлік аймақ саналып, Хире алма-кезек екі империяның көзінің құртына айналып отырған. Маусемма деген лақап атқа ие III Мунзир (554 ж.ә) кезінде Хиренің тәуелсіздігін Византия императоры I Юстиниан мойындап, екі елдің дипломатиялық қатынасы жақсы дамыды. Алайда, 539-554 жылдардағы

Византия-Сасаниттер соғысында Гассаниттер Византия жағында болса, Хире Сасаниттер тарапында болды. Одан кейін билік құрған Амр б.Хиндтің билігі кезінде Хиренің Сасаниттерге бағыныштылығы жалғасын тапты. 561 жылғы Византия-Сасаниттер келісімшартында Хире сыртқы істер бойынша Сасаниттердің рұқсатымен ғана әрекет ете алатын болды. 580 жылы таққа отырған Нуман б.Мунзирдің билік құрған тұсында алғашқыда Хире күшейіп, кейін құлдырауды басынан кешірді. Оның кезінде Хире қаласы көркейіп, Араб түбегіндегі мәдени орталықтардың біріне айналып, Ирак төңірегінде өмір сүретін араб тайпалары Хиреге бағынды. Нуман б.Мунзир 602 жылғы Сасаниттердің қолынан қаза тапқаннан кейін, Сасаниттер Хиренің ішкі істеріне де билік жүргізе бастады.

Хире халқының сенімі әртүрлі болды. Сасаниттердің ықпалына түскен кезеңде зоарастаризм мен манехеизм сенімінің әсері күшті болса, кейін Гассаниттермен қоян-қолтық араласқан тұста, Лахм тайпасының көпшілігі христиан сенімін ұстанды. Бұдан басқа, пұтқа табынушылық, иуда сенімін ұстанғандар да болды. Хире халқы ауылшаруашылық, аңшылық, сауда-саттық, қолөнермен шұғылданды. Түрлі сенімде болғанмен, Ирак халқының қарым-қатынас тілі араб тілі еді.

IV-ғасырдың орта шенінде Араб түбегінің шығысындағы Хадрамут пен Оман аймақтарына оңтүстіктен көшпелі арабтар келіп тәуелсіз Киндилер саяси құрылымын құрды. Киндилер күшейген кезде Араб түбегінің орта жазығына дейінгі аралықты өздеріне қаратып, солтүстіктегі Хиреге ұдайы қауіп төндіріп тұрды. VI-ғасырдың орта шенінде Киндилер ішкі талас-тартыстан әлсіреп, Хадрамут аймағында ғана иелік етті. Киндилер пұтқа табынушы еді. Ибнул-Емин Махмуд Есад Сейдшахридің пікірінше Киндилер билігі саяси тұрақсыздықтың әсерінен VII-ғасырда кішілі-ұсақты әмірліктерге бөлініп кеткен [5, 137-138-бб].

Мұстафа Сабри Кушукашсының жеткізуіне қарағанда, Киндилер саяси ахуалдың өзгеруіне қарай кейде Хумейрге, кейде Византияға, кейде Хиреге бағынып, кейде тәуелсіз өмір сүрген. 490 жылға дейін Хумейрге бағынышты болса, Кинде билеушісі Харистің кезінде Хумейрден тәуелсіздігін алды. 502 жылы Византияның

вассалы болды. Харистің билігі күшейген тұста Киндилер Хиреге қауіп төндіріп, Араб түбегіндегі алып күшке айналды. Алайда, 528 жылы Хиреліктерден соғыс майданында жеңіліске ұшырап, Киндилер өз ішінен төртке бөлініп кетті. Эфиопиялықтар 530 жылдары Иеменді басып алғанда, Кинди арабтары оларға бағынышты болды. VI ғасырдың соңына қарай көрші Иеменді Сасаниттер басып алғанда, Кинди арабтары да Сасаниттер империясының құрамына кірді.

Киндилердің әкімшілік жүйесі тайпалық құрылымға негізделді. Кинди арабтары негізінен пұта табынушылық сенімінде және халықтың азшылық бөлігі иуда және зоарастаризм сенімін де ұстанды. Олар егін егумен және мал шаруашылығы және сауда-саттықпен шұғылданды.

Бахрейн аймағында Темим және Абул Кайс тайпалары өмір сүрді. Аймақта Мушаккар және Хажар атты екі маңызды қала болды. Халықтың бір бөлігі көшпелі өмір сүрсе, бір бөлігі осы қалаларда тұрды. Темим және Абул Кайс тайпалары пұтқа табынатын. IV-ғасырдың орта шенінде Бахрейнде Киндилер билік құрғанымен, профессор М. Хамидуллахтың жеткізуіне қарағанда IV-ғасырдың екінші жартысында Бахрейнге Хиреліктер, кейін Сасаниттер билік жүргізген. Яғни, Бахрейн аймағы Араб түбегінде Ислам мемлекеті құрылмас бұрын Сасаниттердің отарында болды [6, 374 б].

Сасаниттердің билігі кезінде Бахрейнде пұтқа табынушылықпен қатар, мажуси, зороастризм сенімін ұстанушылар пайда болды [6, 382-383 бб]. Бірақ, зерттеушілердің еңбектерінде Сасаниттердің Бахрейнге мажуси мен зороастризм діндерін қандай жолдармен дәріптегені жөнінде жан-жақты терең мағұлмат айтылмайды. Профессор М. Хамидуллахтың жеткізуінше Бахрейндегі Сасаниттердің билеушілері тек салық жинаумен шұғылданған [6, 382 б]. Бұл мәліметтен Бахрейндегі арабтардың да әкімшілік жүйесі тайпалық құрылымға негізделгенін аңғарамыз.

Хизаж аймағындағы Мекке, Мәдина, Тайф, Хайбар сынды өзін-өзі басқаратын қалалардан басқа, Араб түбегінің өзге өңірлерінде тәуелсіз тайпалық құрылымдар болды. Ибнул-Емин Махмуд Есад Сейдшахридің көзқарасынша

әрбір араб тайпасы кішігірім мемлекет іспетті өмір сүрген [5, 137-138-бб].

Хижаз аймағына оңтүстіктегі Қызыл теңіз жағалауындағы Тихаме мен солтүстіктегі Нежитке дейінгі аралық жататын. Хижаз аймағының ең басты орталығы Мекке қаласы болды. Ибрахим пайғамбар тұрғызған қасиетті Қағба осы Меккеде болатын. Мұхаммед Хамидуллахтың пікірінше арабтар арасында Қағбаға иелік ету бүкіл Хижаз аймағына, қала берді Араб түбегіне ықпалды саналатын [6, 24-27-бб]. В.В. Бартольдтің көзқарасынша, Исламға дейінгі арабтардың ең үлкен пұты «Хубал» Меккедегі Қағбада орналасып, арабтар «Хубалды» ең ұлы тәңір деп қабылдайтын болған [8, 87-б].

Мұхаммед с.ғ.а-ның төртінші атасы Хусай 440 жылы Хуза әулетінен Қағбаға иелік ету қызметін тартып алды. Хусай Қағбамен байланысты кейбір маңызды қызметтер мен бұрыннан келе жатқан кейбір мемлекеттік міндеттерге жаңа реформа жасайды. Мевлана Шибли Нуманидің жеткізуіне қарағанда ол қызметтер мыналар еді: Сиданат (Қағбаның кілтін сақтау және пердесіне қарау жұмыстары), Сикаят (Мекке қаласының су істері), Рифада (Салық істері), Укааф (байрақ немесе ту), Сифарат (саяси уәкілдік, елшілік), Исар мен Альзам (бал ашатын оқтар), Машура (техника істеріне байланысты жиын), Имара (қажылыққа келгендерді қадағалау), Ашнак (келген зиянның өтелуі), Хукума (Тәңірге бағышталған дүние-мүліктің сақталуы), Хияда (әскер істері), Дарун-Надуа (Мекке қалалық мемлекетінің бүкіл мәселелері қаралатын парламент ғимараты). Сонымен бірге Хусай тұңғыш рет Меккені аудандарға, көшелерге бөліп, Құрайыш тайпасының әрбір руына өз ауданы мен көшесін белгіледі. Сөйтіп Хусай Мекке қаласы мемлекетіне жаңа реформалар жасап қаланы жаңаша түлетті. Хусай өлгеннен кейін ұлдарының арасында билікке талас-тартыс болды. Соңынан Хусай ұлдары ымыраға келеді. Хусай ұлдарының келісімі нәтижесінде Абдуманап ұлдарына Сикаят (су істері), Рифала (салық істері) қызметтері берілсе, Абдутдар ұлдарына Сиданат (Қағбаның кілтін ұстау), Луия (ту көтеру), Дарун-Надуа (Мекке қаласының парламент ғимараты) қызметтері берілді [9, 63-65-бб].

Али Химет Берки, Осман Кескиоглуның



пікірінше Хусай ұрпақтары Меккеге билік еткенде көрші мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынас ілгерлеген. Абдуманап ұлы Хашым Византия императорлығымен және Гассани әмірлігімен татулық қарым-қатынас шартын жасаса, Хашым араб тайпаларын аралап өз жерінен өткен Құрайш керуендеріне шабуыл жасамау жөнінде кепілдік алған. Абдуманаптың өзге ұлдары Абду Шемс Эфиопия патшасы Нежасимен дипломатиялық келісімге келсе, Неуфель мен Муталиб атты ұлдары Иран мен Иемендегі Хумейрліктермен достық келісімін жасады. Хашимнің ұлы Абдумуталип Қағбаға қызмет еткен кезде, бір кездері аузы бітеліп қалған қасиетті зәмзәм құдығының қайта көзі ашылып, Қағбаға тәуап етушілерді және Мекке халқын сумен қамтамасыз етті [10, 27-б]. Бұл деректерден Хусай ұрпақтарының араб түбегінде Меккенің мәртебесін бұрынғыдан да жоғарлата түскендігін аңғарамыз.

Хижаз аймағының екінші үлкен қаласы Ясриф қаласы еді. Али Химет Берки мен Осман Кескиоғлу Ясриф (Мәдина) қаласының географиясы мен шаруашылығы жөнінде былай дейді: «Ясриф – географ Птолемейдің шығармасында Жасриффа - деп, айтылған. Мәдинаның географиялық орналасу және климаттық жағдайы Меккеге қарағанда едәуір жақсы болатын. Иемен мен Сирия арасындағы керуен жолы Мәдинаны басып өтетін. Мәдинадағы тұрмыс-тіршіліктің ең қат нәрсе ауыз су еді. Мұндағы Әус пен Хазреж тайпасы негізінен егіншілікпен шұғылданатын. Ал Қайнуха, Надр, Құрайза яһуди тайпалары егіншілікпен бірге дүкен ұстап, сауда және қолөнермен айналысты» [10, 34-б].

Әус пен Хазреж тайпасы негізінен түбі иемендік арабтар еді. Иемендегі Мағриф су тоспасын сел бұзып, егістік алқаптарын су басып қалғаннан кейін Иеменді тастап Мәдинаға көшіп келді. Ал, мұндағы яһуди Қайнуха, Надр, Құрайза тайпаларының шыққан түбі Вавилондықтар болатын. Хайбар өлкесінде де яһудилер өмір сүрді. Хайбарлық яһудилердің шыққан түбі Палестина еді. Али Химет Берки мен Осман Кескиоғлуның пікірінше Вавилон мен Палестинадан яһудилердің Араб түбегіне қарай үдере көшуіне христиан дініндегі Византия императорының: «Яһудилер Иса пайғамбарды

дарға асты» деп, оларды қуғындауы себеп болған. Мәдинада алғашқыда яһудилер тайпалары Әус пен Хазреж тайпасынан саяси және экономикалық тұрғыдан басым тұрды. Сириядағы Шығыс Рим империясына қарасты христиандар Әус пен Хазреж араб тайпасынан көмек алып Мәдинадағы яһудилер бірнеше рет шапқыншылық жасаған.

Али Химет Берки мен Осман Кескиоғлу Әус пен Хазреж араб тайпасының яһудилерге қарсы келу себепін былайша түсіндіреді: Мәдинада Фатион атты яһуди халықтың арнамысымен ойнап, тұрмысқа шығатын қыздарды алдымен өз сарайында түнететін. Фатион Әус пен Хазреж тайпасының басшысы Малик бин Асланның қарындасын да тұрмысқа шығар алдында өз төсегіне түнетпекші болады. Бұған шыдамаған Малик бин Аслан жасырынып келіп, Фатионды өлтіріп, Сирияға қашып кетеді. Сириядағы Гассани әмірі Абу Жәвле Мәдинаға әскер шығарып мұндағы яһудилерді қырып салады. Бұдан кейін Мәдинада яһуди азайып, Әус пен Хазреж тайпасы саяси экономикалық тізгінді өз қолдарына алды [10, 35-б].

Ибнул-Есирдің пікірінше, яһудилер Әус пен Хазреж тайпасының пұтқа табынғандарын айыптап, өздерін арабтардан текті санаған. Әус пен Хазрежді бір-біріне айдап салып, қанды қырғынға итермелейтін. Әус пен Хазреж тайпасының арасында 621 жылы осындай «Буас» деген соғыс болып, екі тайпадан да орасан көп адам шығын болды. Бұдан кейін Мәдинада яһудилер қайтадан саяси тұрғыдан күшейді [11, 44-647-бб].

Л.И. Климович өз шығармасында: Исламға дейінгі кезеңде Мәдинадағы Әус пен Хазреж араб тайпалары Ирандық Сасаниттерге салық төлеп тұрғандығын және Нәдір мен Құрайза яһуди тайпаларының езгісіне ұшырағандығын айтып өтеді [12, 27-б].

Яһудилер өздерін арабтардан мәдениетті санағанмен бұларда да тұрпайы әдеттер жоқ емес-ті. Муртаза Бұлұтайдың көзқарасынша Мәдинадағы яһудилерде кең етек алған жайттердің бірі зинақорлық болған. Иуда дініндегі зина жасауға тиым салынып, таспен ұрып өлтіру жазасы болғанмен әл-ауқаты жоғары яһудилерге бұл жаза қолданылмады. Ал керісінше тұрмысы төмен яһуди зина істеген болса, таспен ұрып өлтірілді. Яһудилердің

тағы бір тұрлаусыз әдеті өсімқорлықпен пайда табуға құмбыл еді. Арабтарға қарызға ақша немесе астық, мата беріп, қайтарымын өсіммен алды. Яһудилердің бай-манаптары өсім алу жолыменен қарапайым халықтың мұқтаж-дығын пайдаланып қанайтын [13, 434-6]. Бұл деректерден өздерін арабтардан текті санағанмен яһуди тайпаларында да сол кездегі араб қоғамына тән әлімжеттік пен теңсіздіктің орын алғандығын көре аламыз.

Хижаз аймағының үшінші үлкен қаласы Меккенің шығысында орналасқан Тайф қаласы болды. Тайф Хижаз аймағындағы жері шұрайлы, берекелі қала еді. Тайф қаласында Хижаз аймағында беделі күшті Умейр, Сакиф сынды тайпалар өмір сүрді. Бұл тайпалар Меккедегі Құрайш тайпасынан өздерін кем санамайтын. Тайфта сиынатын өз пұттары болды. Ибнул-Емин Махмуд Есад Сейдшахри: «Хижаз аймағындағы Мекке шаһарымен тайталаса алатын Тайф қаласы еді» – дейді [5, 549-6].

Ебнул-Есир «Ислам тарихы» атты еңбегінде: «Әсілі, Тайф қаласының иесі Амр тайпасы еді. Сакиф тайпасы Тайфтың төңірегінде өмір сүретін. Сакиф тайпасы Тайфта егін және жеміс өсіріп, оның белгілі бір пайызын Амр тайпасына беретін болып, қалаға орналасты. Олар алғашқыда Амр тайпасына келісілген өнімнен үлес беріп отырды. Кейін, Сакиф тайпасының адам саны өскенде, Амр тайпасына салық төлемейтін болды. Олар Тайфтың ішінен өздеріне қорған тұрғызып, Амр тайпасына мойынсұнудан бас тартты. Екі арадағы соғыста Амр тайпасы жеңіске жете алмай, Сакиф тайпасына берген иелігінен айырылуға мәжбүр болды. Сакиф тайпасы өз ішінен Ахлаф және Малик руына бөлінетін. Амр тайпасы да Хауазин, Кайс, Наср, Иербу руларынан тұратын. Тайфтағы соғыс кейде Сакиф пен Амр тайпасының арасында ғана емес, тайда ішіндегі осы ралар арасында да орын алатын. Мәселен, Ахлаф пен Наср рулары Гилзан деген жерге таласып, бір-бірімен соғысқанда, Малик руы өзінің туысы Ахлафқа емес, Наср руына жақтасты. Алайда, осы соғыста Ахлаф руы жеңіске жетіп, Наср руын Тайфтан қуып жіберді. Наср руының жағына шығып кеткен Малик руында қатты жазалады. Малик руы Ахлафқа қарсы күресу үшін Деус, Хасам атты руларлы көмекке шақырды. Оларға қарсы Ахлаф руы Мәдина арабтарымен

одақтасты. Мәдиналықтар олардың соғысты тоқтатып, мәмілеге келуге шақырды. Кейде, ағайынды екі ру уақытша келісімге келгенімен, болмашы нәрсеге екі ру арасында қайта соғыс басталатын еді» - дейді [11, 647-650 бб].

Дегенмен, Сакиф тайпасы Хижаз аймағындағы күшті тайпалардың бірі болған. Бұл туралы Әбу Хасан Али ән-Недвӣ: «Хижаз аймағының ең белді, беделді тайпасы Құрайыш тайпасы болса, екіншісі Құрайышпен иық тірестіре алатын Тайф қаласындағы Сакиф тайпасы еді» - дейді [4, 82-83-бб].

Хизаждың солтүстік батысындағы Хайбар өлкесін яһуди тайпалары мекендеді. Мәдина яһудилері секілді, Хайбар яһудилері де Палестина мен Вавилоннан христиандардың қуғындауымен ауып келген [3, 288-б] Хайбар өлкесінде Найм Комус, Ебил, Хақаик, Чак, Нитал, Селам, Батих, Кетибе секілді қалалар болды. Мұхаммед Хамидуллаһ Хайбар яһудилерінің әлеуметтік, экономикалық хал-ахуалы туралы былай дейді: «Хайбар яһудилерінің Мәдина яһудилерінен айырмашылығы, тек, сауда-саттықпен емес, ауылшаруашылығымен де шұғылданатын. Хайбар яһудилері Араб түбегінде бай-дәулеттілігімен ерекшеленді. Хайбар зергерлерінің бұйымдарын арабтардың сатып алуға шамасы келмей, жалға алып, әйелдеріне тағатын. Хайбар яһудилері меккелік Құрайыш тайпасымен саяси одақтас болатын. Мұхаммед с.ғ.а-ның арғы атасы Хашым Хайбар яһудилерінен қыз алып, олармен құдандалы болған. Ол дәуірде, қыз алып, қыз берісу, тайпалардың саяси одақтастығын көрсететін. 628 жылы Мұхаммед с.ғ.а-ның Хайбарға, Меккеліктермен Худайбие келісімшартын жасап болғаннан кейін, барып жорыққа шығу себебінің сыры осында еді. Басқа жағынан Хайбарлықтардың қоғамдық заңдылықтары Мәдина яһудилерінің заңдылықтарымен бірдей еді» [6, 590-596-бб].

О.Г. Большаковтің пікірінше қараңғылық дәуірде арабтар бәдәуилер (далалықтар) мен мәденилер (қалалықтар) болып бөлінді. Бәдәуилер шаһарды тар, қапас деп шөл далада атқа мініп еркін өмір сүргенін мақтаныш етті. Бәдәуилердің негізгі тұрмыстық күн көрісі мал шаруашылығы, оның ішінде түйе малын ерекше бағалайтын. Себебі, Араб түбегінің басым бөлігі шөлді аймақ саналғандықтан, бұндағы ауа рай-

ына және шаруашылыққа ең қолайлы түйе малы болатын [1.18]. Сонымен бірге бәдәуилер өзге тайпаларға шабуыл жасап, көш керуендерді тонап, олжамен де күнелтетін. Қолөнер мен сауда ісіне бәдауилер шорқақ келетін. Түйе жүнімен ешкі қылынан жасалған шатырларда өмір сүрді. Хусейн Алгулдың көзқарасынша арабтардың тайпалық құрылымы мынандай сатылардан тұрған: Әрбір шатыр - бір отбасы, бірнеше туыс отбасы - әулетті, бір-біріне жақын бірнеше әулет - руды, рулар - тайпаны кеп құраған [7, 93-95-бб].

Мұхаммед Хамидуллаһ исламнан бұрынғы араб қоғамының экономикасы жөнінде былай дейді: «Қалалық арабтар диканшылықпен, қолөнер және сауда жасап күн көрді. Дикандар бау-бақша өнімдерімен қатар егін егіп, жүгері бидай өсірді. Араб түбегінің жауын-шашыны мол, суғармалы өңірлерінде көкөніс өнімдерімен бірге, құрма жемістері де өсірілді. Нежд пен Иемаме де бидай, Тайфта жүзім экспортталды. Мәдина мен Хайбар аймағында да дәнді-дақыл өсіру қолға алынды. Көшпенді арабтар жәрмеңкелерге түйе мен қойдың терісі мен жүнін әкеп сататын. Сонымен бірге, Араб түбегіне Сирия, Мысыр, Эфиопия, Месопатамия, Синд (Пәкістан) елдерінен астық өнімдерінің әкелінуі, Араба түбегі астық өнімдерінің өз-өзін қамтамасыз ете алмағандығын көрсетеді. Иемен мен Оманда тоқыма өнеркәсібі дамыды. Сондай-ақ, көшпенді арабтар да тоқыма өнімдерін экспорттамаса да, өз қажеттіліктеріне пайдаланатын. Көшпенді арабтар ат, түйе, қой өсірумен қатар, орман-тоғайлардан отын, сағыз, балзам секілді өнімдерді жәрмеңкелерге апарып сататын. Араб түбегіндегі отырықшы тайпалар құс шаруашылығымен де айналысты. Исламнан бұрын арабтар темір қорытумен де шұғылданды. Мәдинада жасалған қару-жарақтар үлкен сұранысқа ие еді. Мекке мен Мәдинада қол-өнерді кәсіп еткендер де болды. Мұнымен бірге, киім тігу, тон тігу, шарап өндірісі, темір ұсталығы, құдық қазушылық, зергерлік, ағаш өнеркәсібі, кірпіш өндіру, мақтамата өнер кәсібі, аз да болса дәрігерлерлікпен мен мал дәрігерлерлігі, иіс су өндірісімен, қасапшылық, аңшылықпен шұғылданғандар болды. Қызыл теңізбен, Парсы шығанағынан кейбір арабтардың інжу мен маржан теріп, асылтас бұйымдарын жасап сатушылар да болды.

Қолөнершілер күндегі тұрмысқа керек-жарақты жасап, оны сатып күн көретін. Қалалықтар Иемен, Сирияға керуен тартып, саудамен де шұғылданды. Араб түбегінде алтын, күміс кендері де болды. Меккенің Құрайш тайпасының шетке шығаратын басты сауда заты алтын, күміс еді» [6, 940-944-бб].

Хусейн Алгулдің айтуына қарағанда бәдәуи арабтарда ауыз әдебиеті қалалықтарға қарағанда біршама ілгері болған. Ал қалалық арабтардың бәдәуилерге қарағанда мінез-құлқы жұмсақ мейірімді келетін. Бірақ, қалалық арабтарда да бәдәуи арабтар секілді тайпалық құрылым болды [7, 93-95-бб].

Тайпаны рейс немесе шейх дәрежесіндегі адам басқаратын. Рейс немесе шейх болатын адам сөзге шешен, әрі батыр, әрі бай ауқатты адам болуы тиіс еді [2, 2-б]. Шейхтың шейх екендігі оның шатырына тігілген арнайы белгімен ерекшеленген. Шейх болу көбіне әкеден балаға мирастық жолмен берілді. Шейх баласы шейх болуға жарамай жатса, жақын туыстарының ішіндегі алғыр біреуі шейх болуға ұмтылатын. Кейбір тайпаларда ру басшыларына да рейс, шейх атауы берілді. Бұндай жағдайда тайпа басшысы «рейе-ур-рейса» (рейстердің рейсі) немесе «шейхул-машайх» (шейхтердің шейхі) деп аталатын. Шейхтың тайпаны басқаруы белгілі бір тәртіпке негізделмеді. Тайпа ішінде болған ұрлық, тонау, кісі өлімі секілді қылмыстар тұрақты құқықтық қағидалармен шешілмейтін. Даулы мәселелерде шейхтың бүйрегі кімге бұрса, жеңіс сол жақта болды [7, 92-93-бб].

Мұртаза Бұлұтай исламнан бұрынғы араб қоғамындағы қылмыстық жағдайды былайша түсіндіреді: «Кісі өлімі көбіне қанға-қан, жанға-жан қағидасымен шешілді. Өлген адамның ең жақын жанашыры туысының кегін қайтаруы тиіс болды. Егер, кінәлі тарап құн төлегісі келсе, шейх құнның мөлшерін белгілеп, екі жақты ымыраға келтіретін. Мұндай даулы мәселелер басқа тайпамен болған жағдайда мәмілеге келу мүмкін емес еді. Тайпалар арасында қанға қан алу тым ұзаққа созылатын. Қанды қол кісі өлтіруші өз қатесін мойындап, жәбірленуші тараптан кешірім сұраса, тайпа үшін бұл үлкен айып саналды. Мұндай жағдайда кешірім сұраушыны тайпаластары өз қолымен өлтіретін. Арабтардың түсінігінде ер адамға үйде жатып өлу масқара, ұят саналды. Ұрыста өз тайпасы

үшін жан қию абыроймен өлу деп қабылданды». «Арабтардағы қан дауы мынадай еді, бір рудың кісісін басқа рудың адамы өлтірсе, өлген адамның руының адамдары жаппай кек алуға аттанушы еді. Олар не қылмысты істеген адамның өзін, не бір туысын, не болмаса сол рудан кез келген біреуді өлтіре салатын. Екінші тарапта өз жағынан өлтірілген адамның кегін алу үшін қарсы әрекет жасап тағы да кісі өлтіретін. Сөйтіп қан дауы ұрпақтан ұрпаққа жалғасушы еді». «Бір рудың жерінен екінші рудың жеріне барып қайту екіталай-ды. Сондықтан рулар кейде тіл табысып, уақытша болса да ымыраға келіп, бір-бірінің руының адамдарын тонамау туралы тоқтамға келуші еді. Жол амандығымен мал бастың қауіпсіздігі үшін арабтардың ұлықтары бас қосып 4 айды харам ай деп, яғни соғысуға болмайтын киелі айлар деп белгілеген. Бұлар: Зилхада, Зилхижжа, Мухаррам және Ережеп айлары болатын. Осы айларда ғана жол жүруге болушы еді. Аналары балаларының керуенге еруіне осы айларда ғана рұқсат ететін. Бірақ шапқыншылыққа соғысуға және тонаушылыққа әбден еті үйреніп қалған арабтар тыйым салған айларда тонаушылық жасайтын. Сонда; «харам айдамыз» ғой дегендерге, «харам ай басқа айға көшті» деп немесе «мына айдың харамдығын жойдык» деп жауап беруші еді. Мұхаммед с.ғ.а 17 жасқа толғанда арабтар арасында «Харбул-Фижар» деген соғыс болды. Осы соғыстың негізгі себебі тиым салынған айлардың орнын ауыстырып, керуеннің тоналуы еді» [13, 430-433-бб].

Мұртаза Бұлұтай исламға дейінгі араб қоғамындағы тұрпайылық пен теңсіздік турасында: «Надан арабтарда бір рудың адамының жасаған қылмысына сол адамның руы түгел жауап беруші еді. Жеке адамның жауапкершілігінің орнына рулық жауапкершілік болды. Қылмысының кінәсін бүкіл рудың атынан ру басшысы мойындап жауабын беретін. Бұл ру басшысының билігінің қайнар көзі болды. Тайпа мүшелері жасаған қылмысының жауабы мен айыбы ру басшысының тарапынан берілетіндігінен ру басшысын өлердей сыйлайтын. Сондықтан, тайпа мүшелері ру басшысының сөзінен шықпайтын. Мұндай жеке дара билеушіліктен рулар арасында бейбітшілік орнату мүмкін емес еді. Ру үлкейіп, адамдар жерге суға таласқан сайын ру ішінде бүлік

шығып, бөлінушілік анархия пайда болушы еді. Мұның нәтижесінде рулар бірігіп, ұлт болудың орнына керісінше бөлініп ұсақталу тенденциясы күштірек еді» дейді [13, 431-433-бб].

Хусейн Алгул араб қоғамындағы адамдардың мәртебесі жөнінде былай дейді: «Арабтарда тайпа мүшесі болу биік мәртебе саналды. Себебі, араб қоғамында адамның тайпа мүшесі болуы арқылы ғана, оның қауіпсіздігі қамтамасыз етілетін [2, 2-б]. Тайпа мүшесі бола алмау ең үлкен қорлық болып табылды. Арабтар тайпа мүшесі болған адамды «хур» (тәуелсіз) деп атады. Әдетте хурлар бір-бірімен тең саналды. Тайпада хурден шейх және ақын, балгер, батыр ғана жоғары тұрды. Мекке қаласында Хусай ұрпақтары Дарун-Надуа мүшесі болғандықтан хурлерден жоғары тұрды. Бұл дәстүр кейін келе біртіндеп сұйылды. Хурлердің ішінен шыққан ауқатты адамдар Хусай ұрпақтарымен иық тірестірді» [7, 97-98-бб]. «Қараңғылық дәуірде араб тайпаларында құлдар (абд) мен күндер (рахия) де болды. Құлдар мен күндер хурлардың құқықтары мен міндеттеріне ие емес еді. Арабтар соғыста қолға түскен тұтқындарды құл мен күң етіп ұстайтын. Сонымен бірге, араб тайпаларының ішінде құл саудасымен айналысатын арнайы саудагерлер болды. Олар Эфиопия және өзге де өлкелерден құлдарды әкеліп құл базарларда сататын. Құлдың құл екендігі оның маңдайына басылған мөрден белгілі болды. Құлдар зат секілді бір адамнан келесі бір адамға сатылатын немесе сыйға берілді. Құл иесінің ұрпақтарына мұраға қалдырылып отырды. Құл иесі құлға не істесе де ерікті болды. Ұрса да соқса да, мұрнын, құлағын кессе де тіпті өлтірсе де құлдың сұрауы болмады. Араб тайпалары арасында басы азат болған құл мен күң бұрынғы иесінің қамқорлығына алынды. Мұндай қамқорлықтағыларды «мевла» (өзіне ие) деп атады. Мевлалар құлдар секілді алынып сатылмағанмен хурлермен теңесе алмады. Бір мевла бір хур қызбен немесе хур жесір әйелмен үйленуіне рұқсат етілмеді. Бірақ қамқоршылар мевлалардың тайпа ішінде жүріп тұруы мен қауіпсіздігіне жауапты болды. Бұған қоса «достық серт» (дахил) деп аталатын бір тайпа мүшесінің басқа тайпа мүшесімен дос болып, сол тайпаға кіру дәстүрі бар еді» [7, 98-б].

Исламға дейінгі кезеңде араб қоғамында



әйелдердің құқығы тым төмен еді. Әсіресе жас күндер зорлық-зомбылықтың құрбаны болып жатты. Қыздарды сату, жезөкшелікке итермелеу қалыпты жайтқа айналды. Шөл даланы мекен еткен арабтардың көбісі қыз баласы дүниеге келсе қатты қайғырды. Әйел босанған сәтте нәресте қыз болса, тірідей жерге көміп тастайтын. «Бұлар ертең өскен соң жезөкше болып ар-намысымызға дақ түсіреді. Бойжетіп жүзі қара болғанша, қанша шығын шығарып асырап бағу керек, оған шамамыз жетпейді» деп, ақталатын. Дүниеге келген мезетте өлтіре алмаса, 5-6 жасқа келгенде әкелері қыздарын әдемі киіндіріп, қонаққа апаратын кісіше сәндеп ертіп шығатын. Сол бетімен айдалаға жетектеп апарып, алдын-ала дайындаған орға жығып салып, шырқырағынына қарамастан көміп тастайтын да ештеңе болмағандай оралатын. Ал баласын өлтіруге қимағандар қалың жүн күпі кигізіп, қыз екенін жасырып, ауыл маңынан аулаққа қой, түйе бағуға жіберетін. Сөйтіп елдің көзінен тасалап ұстайтын [13, 426-429-бб].

Мұртаза Бұлұтай өз шығармасында гуманистік қағидаларға қайшы некенің азғынданған бәдел, шиғар және басқа да моногомиялық түрлері болғанын айтады [13, 426-429-бб]. Бұл әлбетте араб қоғамындағы адами құндылықтардың төмендігін көрсететін еді.

Хусейн Алгул жаһилет дәуіріндегі арабтардың бір артықшылығы деп, қалалық арабтардың жазуды меңгергендігін алға тартады. Сахарадағы көшпенді бәдәуилерде оқып жаза білетіндер жоқтың қасы болатын. Ол дәуірде жазудың «набат» және «куфи» түрі болды. «Набат» жазуын сауда-саттық келісім шарттарда қолданды. Басқа істерде «куфи» жазуы пайдаланылатын. Бұл жазуларды мал терісіне жазатын болған [7, 96-б].

Исмайыл Жарраһоғлу жаһилиет кезеңінде арабтарда шежіре тарқату, ақындық, шешендік өнер ілгерілегендігін баяндайды. Тайф пен Нахл арасындағы Указ деген жерде арабтар жылдың бір мезгілінде жәрмеңке өткізетін. Бұл жәрмеңкеде сауда-саттық ісі ғана емес, араб тайпаларының ақындары мен шешендері өлең оқып сөз жарыстыратын. Мұшайраға қатысушы өнер иелері өз тайпасын мақтап, өзге тайпалардың мінін айтатын. Мұндай сайыстардың соңы кейде дауға ұласушы еді. Жеңіп шыққан

ақынның өлеңін Меккедегі қасиетті Қағбаға іліп қоятын [14, 16-б].

Арабтар әрбір істе ақылмен бажайлап қарамай, көбіне бал ашу арқылы шешім қабылдайтын. Өздері табынатын пұттардың ішіндегі жындар әрбір адамның болашағынан тылсым күш арқылы хабардар болып, балгерлердің құлағына сыбырлайды деп, нанатын. Балгерлер халық арасына ерекше құрметке ие еді. Арабтарда ішімдік пен құмар ойнау да кең етек алды. Ішімдік пен құмарға тиымның жоқтығынан, отбасылық институт күйреп, қоғамның тыныштығы бұзылатын [7, 97-б].

Арабтар күнделікті тұрмыста өлексе, малдың қанын, бақа-шаян кесіртке де жей беретін. Атақты Шибли «Аср Саадет» атты шығармасында: «Исламнан бұрын арабтарда әжетхана болмаушы еді. Адамдар кез келген жерге дәрет сындыратын. Ұн илейтін елгезерлері болмай ұнның кебегін ауызбен үпіріп кетіретін. Түнде үйлерінде шам болмайтын, қырықаяқ, кесіртке жейтін еді» – дейді [15, 95-бб].

Исламға дейінгі дәуірде Араб түбегінде негізінен пұтқа сенушілік басым еді. Иемендегі Нежран өлкесінде және Сириядағы арабтар Христиан дінін ұстанды. Иуда дінін Хайбар мен Мәдинадағы яһудилер болды. Араб түбегінің өзге өңірлері түгелімен пұтқа табынушы еді. Бұл тұрасында Пайғамбарымыздың (с.а.у) ғұмыры туралы елімізде алғаш болып еңбек жазған зерттеуші Дамира Өмірзаққызы арабтардың пұтқа сенімі жөнінде былай дейді: «Арабтардың пұтқа табынушылығында салихалық болмады. Тастан, тақтайдан кейде кәдімгі халуадан бұт жасайтын. Қараңғылық дәуіріндегі мұндай қылықтарын хз. Омар есіне алып былай деуші еді: «Жахилият кезеңіндегі екі ісіміз есіме түссе біреуіне қайғырып жылаймын, біреуіне күлемін. Жылайтыным әйелдеріміз қыз туса, тыжырынып бейкүнә сәбилерді тірідей жерге көметінбіз. Күлетінім, пұтқа табынушы едік, пұттарды кейде ұннан халуадан жасайтынбыз. Сапарға шықсақ табынатын пұттарымызды бірге алып жүретінбіз. Жолда қарнымыз ашса, ұннан, халуадан жасалған пұттарымызды кесіп жейтін едік» – дейді [16, 19-б].

Осыған ұқсас тағы бір оқиғаны исламтанушы Шафаиддин Севержан өз шығармасында былайша баяндайды: «Милкан әулетінің Сад

атты пұты бар еді. Сол тайпаның бір адамы бордақылау үшін алған еркек түйесін берекелі болсын деп пұттың алдына алып келеді. Бірақ пұттың ол келмей тұрып үстіне бұрын кесілген құрбанның қаны бар еді. Түйе қанды көргеннен кейін үркіп қашып кетеді. Түйе иесі ашуланып, қолындағы тасты пұтқа лақтырып, «түйемді үркіттің Алла көресінді көрсетсін» – дейді». Шафаиддин Севержан наландық дәуіріндегі арабтар пұтқа сенумен бірге, Аллаға сенгендігін де айтады. Өйткені қағбаға келген арабтар әуелі Алладан тілеп, содан кейін пұттардан жәрдем сұрайтын. Арабтар пұттарды Аллаға жақындататын дәнекер деп сезінетін [17, 32-33-бб].

В.В. Бартольдте: «Арабтар теңізде дауылға ұшыраған кезде Аллаға жалбарынып, Оған адал болуға ант беріп, бірақ, кейін жағаға аман-есен жеткеннен кейін берген антын ұмытып, қайтадан пұтқа табына бастайтынын айтады [8, 638-б].

Осындай жағдайларға қарамастан Араб түбегінде бір кездері хз. Ибрахим үндеген бір Аллаға сенушілер де бар еді. Бір Аллаға сенушілердің дінін ханиф діні деп атады. Ханиф діні белгілі бір дәріптеушілер болған жоқ. Өйткені ханиф дінін ұстанушылар арабтарда некен-саяқ болды. Ханифтер ақылға салып ойланып, пұтқа табынудың жөн жосықсыз екенін ұғынып, ғаламның түзілісіндегі үйлесімділікке терең мән бере, тек, бір құдірет иесі бар деп білді [18, 45-47-бб].

Қоғамдық бірізділігі жоқ, жамандық атаулыны шырқау шегіне жеткізген араб қоғамында YI-ғасырдың соңында кейбір қоғамдық құқықтық мәселелерді реттеу бастамасы көтерілді. Хижаз аймағының Мекке қаласында ислам діні пайда болғанға дейін кейбір құқықтық реформалар қолға алынды. Мекке қаласында құрылған Хилфул-фудул (намыс одағы) қоғамдық ұйымы осындай ізгіліктің бастамасышысына айналды. Ахмет Лутфи Казаншының жеткізуіне қарағанда, Мекке қаласының құрметті ақсақалы Зубайрдың бастамасымен құрылған бұл қоғамдық ұйымға Меккедегі Хашым, Муталиб, Зухра, Әсет, Харис, Тайм руларының бас көтерер азаматтары мүше болды. Хилфул-фудул қоғамдық ұйымы алғашқы мәжілісте мынадай қарар қабылдаған:

1. Меккеде мейлі жергілікті халықтан не-

месе сырттан келгендерден болсын, ешкім зұлымдықтың құрбаны болмайды.

2. Былай қастандық атаулы жойылады. Жәбірлеушілер жазасын алады.

3. Жапа шеккендерге құн төленеді [19. 41-б].

Хилфул-фудул қоғамдық ұйымы Мекке қаласы мемлекетінде зұлымдық пен тәртіпсіздіктің алдын алуға айтарлықтай күш салды. Хилфул-фудул ұйымының қабылдаған ережелерін ұйымға мүше рудың бас көтерер азаматтарының да бұзған кездері болды. Әлімжеттік пен әділетсіздік көбіне Меккеге сырттан келген әлсіз жандарға жасалатын. Хилфул-фудул ұйымы қабылдаған қарарларды өз тайпаластары бұзса да жәбірленушіге келген зиянды өтеттіруге мейлінше маңыз берді. Мұхаммед Хамидуллаһ өз еңбегінде осындай оқиғалардың бірінен мынандай мысал келтіреді: «Иемненің Қасам тайпасының бір адамы қызымен бірге Меккеге қажылыққа келеді. Меккенің Нубейх убнул-Хажжаж атты алпауыты Иемнендіктің қызын зорлап, тартып алады. Әлгі Иемнендік бұл зорлық үшін Хилфул-фудулға арызданады. Хилфул-фудулдың арнайы жасақшылдары Хажжаждың үйін дереу қоршауға алып, қызды әкесіне қайтаруды бұйырады. Хажжаждың ең болмаса қызбен бір түн түнейін деген өтінішіне қарамай, жәбірленушіге қызын қайтарды» [6, 52-54-бб].

Мухаммед Хамидуллах Зубейр ибн Беккардың «Несеф Қурайш» атты шығармасында Хилфул-фудулдан басқа дәл осындай араб тайпалары арасында Хилфус-силах (Келісім және сенім одағы) атты ұйымның болғандығын айтып өтеді. Хилфус-силах ұйымында Мекке төірегіндегі Зухра, Ғаятил, Қурайш, Ихабиш тайпалары бір-біріне зұлымдық жасамау туралы, егер бір-біріне зарар жасаған жағдайда дау жанжалсыз келісім негізінде зиянды өтеуге келісім жасасқан [6, 55-б].

Хилфул-фудул мен Хилфус-силах ұйымының құқықтық ережелерінде қылмыстық жауапкершілік салмақты емес еді. Себебі, қылмыс істеушіден тек зиянның орнын өтеу талап етілетін. Қылмыскердің зұлымдығы үшін жаза беру қарастырылмады. Осының негізінде қылмыстық жаза берілмегеннен кейін қылмыскер зұлымдық жасауды жалғастыра беруші еді. Мысалы, Меккелік аристократ

Абужахилдің сырттан келушілерге жасаған зұлымдығын Хилфул-фудул ұйымы бірнеше рет шектегенмен, Әбужахил халі мүшкіл адамдарға ұдайы әлімжеттік жасайтын [6, 54-б].

Хилфул-фудул ұйымының құқықтық ережелеріне Меккеліктер қанша уақыт мойынсұнғандығы туралы екі түрлі көзқарас бар. Али Химет Берки мен Осман Кескиоғлуның көзқарасы бойынша Хилфул-фудул ережелеріне Меккеліктер көп ұзамай мойынсұнудан бас тартқан [10, 46-б]. Ал, Ибнул-Есирдің көзқарасынша, Хилфул-фудул ережелері Мұхаммед с.ғ.а исламды паш еткеннен кейін де өз күшінде болған. Оған мынандай деректі келтіреді: Мұхаммед с.ғ.а жиені хз. Алидың ұлы хз. Хусейн мен Велид бин Утбе Әбу Суфиян арасында дүние-мүлікке қатысты келіс-пеушілік болады. Велид бұл кезде Мәдина-ның әкімі болатын. Ол, мансабына мaldанып хз. Хусейнге әділетсіздік жасамақ болады. Хусейн Велидке егер ақымды берме-

сең Хилфул-фудулға жүгінетіндігін айтады. Хусейннің қасында тұрған Абдуллаһ бин Зубейр, Абдуррахман бин Осман бин ат-Тейми де бұл сөзді қайталайды. Велид дереу сол арада хз. Хусейнге ақысын қайтарады [11, 42-43-б].

Жалпы, исламға дейін араб қоғамы саяси тұрғыдан бытыраңқы, әлеуметтік хал-ахуалы мен құқықтық жағдайында түрлі әділетсіздіктер орын алуымен, сондай-ақ, пұтқа табынушылық және христиан мен иуда діндерінің талас-тартыс алаңына айналуымен ерекшеленеді. Хилфул-фудул секілді кейбір оң бағыттағы игі бастамалар болғанымен, Араб түбегін түгел қамти алмады. Хилфул-фудулдің құқықтық жауапкершілікке тартуда санкциялық сипаты жоқ-тын. Араб қоғамында трайбализм, шейхтердің шексіз билігі, әйелді қорлау, бал ашу секілді керітартпа дәстүрлердің орын алуы, сол дәуірдің саяси және діни, әлеуметтік ілгерлеудің бәсең екендігін көрсетеді.

#### Әдебиеттер

- 1 Большаков. О.Г «История Халифата». I том. Москва. «Наука». 1989 г. 312 с.
- 2 Грюнебаум Г. Э. фон. Классический ислам. Очерк истории (600 – 1258). Москва. «Наука». 1986 г. 216 с.
- 3 Ирвинг. В. Жизнь Магомета. Москва Амрита-Русь 2004. 288 с.
- 4 Ебу Хасан Али ан-Недби. Хз. Мухаммеддин хаяты. Арслан иайынлары. Истанбул -1999. 254 с.
- 5 Ибнул-Емин Махмуд Есад Сейдишехри. Ислам Тарихи. Жилт I Иайлажын маатбасы. Истанбул-1983. 592 б.
- 6 Пр.др Мухаммед Хамидуллаһ. Ислам Пейғамбери. Шебирен Салих Туғ. I. жилт. Истанбул-1991. 655 с.
- 7 Ярд. дос. др. Хусейн Алгул. Ислам Тарихи. жилт I. Жонжа иайынеби. Истанбул-1991. 566 б.
- 8 Бартольд В.В Работы по истории ислама и Арабского халифата. Москва. «Восточная литература». РАН 2002. 784 с.
- 9 Меблана Шибли Нумани. Сон Пейғамбер Хз. Мухаммед. жилт I. Из иайынжылык. Истанбул-1990. 118 б.
- 10 Али Химет Берки, Осман Кескиоғлу. “Соңғы пайғамбар Хз.Мұхаммедтің (с.а.у.) өмірбаяны”. Қазақшаға аударған Сәуле Дағайқызы. Анкара 1998. 447 б.
- 11 Ибнул-Ясир. Ислам Тарихи. Бахар. Шебирен М.Бешин Ериарсой. I жилтт. Истанбул-1991. 679 с.
- 12 Л.И.Климович. Ислам. Очерки. Издательство Академии Наук СССР. Москва. 1962. 288 стр.
- 13 Муртаза Бұлдтай Жүнісұлы. Ата-баба діні. Білім баспасы. Алматы-2000. 504 б.
- 14 Исмайыл Жаррахоғлу. Тефсур усулу. ТуркияДиянет басым еби. Истанбул-1995. 352 б.
- 15 Шибли Меблана. Асри Саадет. Шебирен О Риза Доғрул. I жилт. Истамбул-1973. 271 б.
- 16 Дамира Өмірзаққызы “Адамзаттың асыл тәжі”, Алматы 2003, I том. 248 б
- 17 т.ғ.д., профессор Шифаеддин Севержан “Ислам дінінің алғашқы дәуірлерінде дін мен саясат арасындағы байланыстардың негізгі бағыттары”. Ж. Естаевты еске алуға арналған “Бүгінгі дінтану мәселелері” атты ғылыми конференция материалдары. Түркістан-2004. 200 б.
- 18 Фетхуллаһ Гүлен. Мұхаммед Пайғамбар ғаламның рахым нұры. I том. Түрікшеден аударған Ахмет Өшен. Дәуір баспасы. Алматы, 2005. 388 б.
- 19 Дос.др. Ахмет Казанжы. Пейғамбер халқасы. Заман. Истанбул -1997. 286 б.

#### References

- 1 Bolshokob O.G «Istorya Halifata». I tom. Moskba. «Nauka». 1989 g. 312 s.
- 2 Gryenbaum G.E. fon. Klassisseisheskii Islam. Osherk istorii(600 – 1258). Moskba. «Nauka». 1986 g. 216 s.
- 3 Irbing B. Jizn Mogameta. Moskba Amrita-Rus 2004. 288 s.
- 4 Ebu Hasan Ali an-Nedbi. Hz. Muhammedin Hayati. Arslan Yayinlari. Istambul-1999. 254 s.
- 5 Ibnul-Emin Mahmud Esad Seydişehri. Islam Tarihi. I Yaylacin maatbasi. Istambul-1983. 592 s.

- 
- 6 Pr. Dr. Muhammed Hamidullah. Islam Peygamberi. Çeviren Prof. Dr. Salih Tug. I. Cilt. Istambul-1991. 655 s.
  - 7 Dr. Hüseyin Algul. Islam Tarihi. Cilt I. Conca Yayınevi. Istambul-1991. 566 s.
  - 8 Bartold B.B. Raboti po istorii islama i Arabskogo halifata. Moskba. «Bostoshnaya literatura. RAN 2002. 784 s.
  - 9 Mevlana Shibli Numani, Son Peygamber Hz. Muhammed. Cilt I. İz Yayıncılık. Istambul-1990. 118 s.
  - 10 Ali Himet Berki, Osman Keskioglu. “Songi paygambar Hz. Muhammed omirbayani”. Audargan Saule Dagaykizi. Ankara 1998. 447 b.
  - 11 Ibnül-Esir. Islam Tarihi. Bahar Yayınları. Sheviren M. Beşin Eryarsoy. 1 cilt. Istambul-1991. 679 s.
  - 12 Klimobish L.I. Islam. Oskerki. Izdatelstbo Akademi Nauk SSSR. Moskba. 1962. 288 s.
  - 13 Murtaza Bulutai. Ata-baba dini. Bilim baspasi. Almati-2000. 504 b.
  - 14 Ismail Carrahoglu. Tefsir usulu. Turkye Dryanet vakf basım evi. Istanbul-1995. 352 s.
  - 15 Shibli Mevlana. Asr-ı Saadet. Sheviren O. Rıza Dogrul. I cilt. Istambul-1973. 271 s.
  - 16 Damira Omirzakkizi. “Adamzattin asil taji”, Almati 2003, 1 tom. 248 b
  - 17 professor Shifaeddin Seferjan. “Islam dininin algashki dauirlerinde din men sayasat arasindagi bailanistardın negizgi bagittari”. J.Estaebti eske aluga arnalgan «Bugini dintanu masleleri» atti gilimi konferensya materyaldari. Turkistan-2004. 200 b.
  - 18 Fethullah Gulen. Muhammed Paigambar galamnın Rahim nuri. I tom. Audargan Ahmet Ashen. Daur baspasi. Almati, 2005. 388 b.
  - 19 Dos.dr. Ahmet Lutfi Kazanci. Peygamberler Halkasi. ZAMAN. Istambul-1997. 286 c.